

№23 «Ынтымақ» бөбекжай-бақшасы

Білім беру саласы: «Қатынас»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Сөйлеуді дамыту.

Тақырыбы: «Жаз келді»

Ересек «Балдырған» тобы.



Өткізген тәрбиеші: Мұстахимова Г.С.

2021-2022 оқу жылы

Өтпелі тақырыбы: «Әрқашан күн сөнбесін»

Апта тақырыбы: «Жазда келді көңілді»

Білім беру саласы: «Қатынас»

Ұ.о.қ: Сөйлеуді дамыту.

Тақырыбы: «Жаз келді»

Мақсаты:

Білімділігі: Балаларды әр жыл мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру. Балалардың жаз мезгілінде болатын табиғат құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту.

Дамытушылығы: Балаларға жаз мезгіліне байланысты жұмбақтар жасыру, тақпақтар, мақал-мәтелдер айту арқылы сөздік қорларын молайтып, ой–өрісін, тілдерін дамыту.

Тәрбиелігі: Балаларды табиғатқа қамқорлықпен қарап қорғауға тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілі: Түсіндіру, көрсету, әңгімелеу, сұрақ –жауап, ойын.

Көрнекіліктер: Слайдты презентациялар, ұнтаспа.

Табиғатым тамаша,

Көз тоймайды қараса

Табиғатты аялап,

Жүрейікші жараса.

Сәлем саған Жер Ана!

Сәлем саған нұрлы күн!

Балалар шаттық шеңберіне тұрып, бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

-Қазір жылдың көктем мезгілі.

-Көктем айларын атаңдар.

-Наурыз, сәуір, мамыр.

Дидактикалық ойын: «Көктем белгілері».

Жарайсыңдар балалар!

- Балалар көктем мезгілінен кейін қай жыл мезгілі келетінін білесіңдер ме?

- Жаз мезгілі.

Балалар барлығымыз тақтаға қарайық. Жаңа тақырыпқа тоқталу.

Балалар санаулы күндерден кейін көктем мезгілі аяқталып, жаз мезгілі келеді. Бүгінгі оқу қызметімізде жаз мезгілінің ерекшеліктерімен танысатын боламыз.

-Балалар жаз мезгілі сендерге ұнайды ма, несімен ұнайды?

-Жаз мезгілі – өте тамаша жыл мезгілі. Жаз мезгілінде үш ай болады, олар: маусым, шілде, тамыз. Жаз айларында күн ыстық болады. Адамдар жұқа киімдерін киеді. Айнала гүлденіп, жап-жасыл күйге енеді. Ал біз болсақ суға түсіп, көбелек қуып көңілді ойын ойнаймыз. Жазда күн ұзақ, түн қысқа болады.

Тәрбиеші сөзі: Балалар табиғат пен ауа-райында үнемі өзгерістер болып тұрады. Табиғаттағы барлық өзгерістер табиғат құбылыстары деп аталады. Табиғат құбылыстары әр жыл мезгіліне байланысты өзгеріп отырады.

-Жазда табиғат құбылыстары қандай болады?

Жазда күн өте ыстық болады. Мұндайда бұлттар қарайып күн көзін жауып тастайды. Бұлттар бір-біріне жақындағанда араларында найзағай соғылады. Сондықтан өте қатты дауыс шығып күн күркіреді. Жаңбырдан соң кейде кемпіркосақ пайда болады. Кемпіркосақ өте әдемі табиғат құбылыстарының бірі. Ол әртүрлі жеті түстен құралған: қызыл, қызғылтсары, жасыл, көк, қою көк және күлгін түстерден құралған.

Тәрбиеші сөзі: Балалар біз күнде табиғат аясына, яғни, далаға серуенге шығамыз.

-Балалар біз серуенге шыққанда не істейміз?

-Табиғат аясында біздер ауа-райын бақылаймыз, ойнаймыз.

-Балалар кеше біздер табиғат аясына серуенге шыққанда не тауып алдық?

-Сиқырлы сандық тауып алдық.

Балалар қандай әдемі сандық! Кеше біздер бұл сиқырлы сандықты бүгін ашып қараймыз деген болатынбыз. Олай болса қазір ашып көрейік. Бұл сандықты бізге табиғат патшалығынан жіберіпті. Ішінде бізге ойын, тапсырмалар бар екен. Осы тапсырмаларды орындасақ сендерді жақсы сыйлық күтіп тұр екен.

1–ші тапсырма:

* Жұмбақтар шеше білеміз бе?

Қойны толып жеміске,
Көк майсалы еңіске.
Көбелек қуып ойнайтын,
Қай мезгіл деп ойлайсың?

(Жаз)

Жаңбыр жауып басылды,
Аспан шайдай ашылды.
Қызыл, сары жасылды,
Көкте бір зат асылды.

(Кемпіркосақ)

Тырс - тырс тамады,
Сайға қарай ағады.

(Жаңбыр)

Жардай дәулер соғысты,
Жарқ-жұрқ етіп оқ ұшты.

(Найзағай)

2–ші тапсырма:

* Жаз мезгілі туралы тақпақтар, мақал-мәтелдер білесіңдер ме?

3–ші тапсырма:

* Д/ойын: «Дауысынан ажырат».

Тәрбиеші сөзі: Жарайсындар балалар! Табиғат патшалығынан келген тапсырмаларды өте жақсы орындадыңдар. Тапсырманы өте жақсы орындағандарың үшін сендерге сиқырлы сандықта арнайы сыйлық бар екен. Оқу қызметіміз аяқталған соң қандай сыйлық екенін білетін боламыз.

Балалар, орнымыздан тұрып көңілімізді көтеріп, біраз сергіп алайық.

Сергіту сәті.

Тіл ұстарту жаттығуы:

Аз-аз-аз,

Жайдары жаз.

Үн-үн-үн,

Ыстық күн.

Ға-ға-ға,

Шомыламыз суға.

Яқ-яқ-яқ,

Жүреміз жалаң аяқ.

Иын-иын-иын,

Болады көп ойын.

Билингвальді компонент: жаз-весна, жаңбыр-дождь, күн-солнце, найзағай-молния, кемпірқосақ-радуга.

Қорытынды:

«Жаңбыр тамшылары» әдісі арқылы ашық оқу қызметін қортындылау.

Балалар бүгінгі оқу қызметіміз осымен аяқталды. Оқу қызметіне бәрің жақсы қатыстыңдар. Рахмет сендерге.

Балаларды мадақтау.